2020 ж 23 желтоқсан күні 3 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылып және шешім қабылданды:

Қашықтан оқыту технологиясы негізінде оқытудағы пәндердің оқу-әдістемелік кешендің құжаттарымен бейне сабақтарымен қамтылуы, іс-қағаздарының жүргізілу деңгейі;

Ағымды және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы;

Колледж оқытушыларының онлайн режимде байқауларға қатысу. ЦӨК-тердегі оқытушылардың шығармашылық жұмыстарын педагогикалық басылымдарға жариялау барысын талдау;

Оқу топтарында топ жетекшілерінің тәрбие сағатын өткізу барысы, тәрбие сағаттарының әдістемелік әзірлемелерінің сапасы;

«Талапкер – 2021» креативті тобына қатысу;

2-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

2021 ж 23 ақпан күні 4 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылып және шешім қабылданды:

Арнайы пәндер бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтарды орындау барысы, әдістемелік жағынан қамтылуы;

"Жалпы тілдер және әлеуметтік қоғамдық білім беру пәндері" ЦӘК-ң тәжірибесін жинақтау, қорытындылау және әдістемелік кеңеске шығару, тәжірибесін тарату;

Арнайы пәндердің курстық жұмыстардың орындалу деңгейі;

Оқытушылар мен білімгерлердің ғылыми-шығармашылық конференциясының өткізілу деңгейі, қорытынсы мен жетістіктері;

3-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

2021 ж 21 сәуір күні 5 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылып және шешім қабылданды:

Топ жетекшілердің портфолиосын жүргізу тәртібі, ондағы құжаттарды талапқа сай орындалуы, бақылануы;

Мемлекеттік емтихан билеттерінің типтік бағдарламаға сай дайындалуы

Демонстрациялық емтиханның ұйымдастырылуы, дайындалуы

Инновациялық әдістерді енгізудің тиімді жақтарының мониторингін жасау. Үздіксіз жан-жақты кәсіптік білім беру талабын ескере отырып, білім беру үрдісінің мониторингін жасау (Инновациялық технологиялар, қосымша сертификаттар, т.б.)

4-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

2021 ж 22 маусым күні 6 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылып және шешім қабылданды:

2020-2021 оқу жылындағы әдістемелік кеңес және әдістемелік кабинет жұмысын қорытындылау.

Оқытушылардың әдістемелік жұмыстарының мониторингісінің жүргізілу барысы. Оқытушылардың кәсіби деңгейін жоғарлату мониторингі (басылымдар, конференциялар, біліктілігін көтеру т.б.);

Білімгерлердің, оқытушылардың және ЦӘК-тердің ғылыми-зерттеу қызметінің мониторингі (тақырыптары, баспа сөз, конференция, олимпиада, байқаулар т.б.);

Колледж оқытушылардың кәсіби деңгейінің жоғарлауына мониторинг қорытындысын жасау және ұсыныс беру;

2021-2022 оқу жылына ұсыныстар.

5-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

Білімгерлер арасында оқу - тәрбие, мәдени - көпшілік және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында комиссиялар мен кеңестер құрылған.

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2020-2021 оқу жылында саны - 40 педагог; оның ішінде жоғарғы -14, бірінші - 13 санатты, педагог-шебер - 2, педагог-зерттеуші - 1, педагог-сарапшы -1, педагог-модератор -1, сапалық көрсеткіші - 77,5% пайызды құрайды

2020-2021 оқу жылында өз біліктілігін жоспар бойынша 15 педагог көтеру қажет еді, жалпы колледж бойынша 79 біліктілікті арттыру курстары тіркелді. Оның ішінде «Talar» КЕАҚ Оқу-тренингтік орталығында «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқыту», «Педагогтердің IT-құзіреттіліктерін дамыту және жетілдіру», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері» , «Арнайы пәндерді (модульдерді) CLIL, TBLT әдістері және BORPPS моделін қолдана отырып ағылшын тілін оқыту» , «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын басқару», «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті оқыту процесінің негізгі аспектілері мен шарттары», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру», «WorldSkills стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудегі менеджмент» тақырыптарында біліктілікті арттырғандар – 41 педагог және қызметкерлер, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жаңартылған мазмұн бойынша өз пәндері бойынша -19 педагог курстан өтті; сонымен қатар өз лауазымы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА орталығынан 3 қызметкер «ТЖКБ ұйымдарындағы Менеджмент» тақырыбында курстан өтті.

Колледжде оқу үрдісін жаңғырту жоспары жасалынған. Негізгі мақсаты: қазіргі инновациялық технологиялардың теориялық негіздерін оқып – білу, зерттеу, сабақ үрдісіне қолдану, оқытудың кредиттік технологиясын, оқытудың дуальды жүйесінің элементтерін, қашықтықтан оқыту технологиясын зерттеп, сабақ үрдісінде қолдану және оқу-өндірістік шеберханаларды, зерханаларды оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету.

Колледж оқытушылары дәрістің (сабақ) мына типтерін қолданып өткізуде:

- Аралас сабақ
- Жаңа сабақты (дәрісті) хабарлау
- Алған білімді жинақтау және бекіту сабағы
- Модульдік оқыту бойынша сабақ жоспары

Онлайн және аралас форматта сабақтардың сапасын директордың орынбасарлары, әдіскер, бөлім меңгерушілері, циклдік-әдістемелік комиссия жетекшілері талдайды және циклдік-әдістемелік комиссия педагогтары жоспарға сәйкес кесте бойынша бір-бірінің сабақтарына және ашық сабақтарына қатысады. Циклдік-әдістемелік комиссияның отырысында пәндер бойынша сабақ беру барысы, сапасы, топтардың үлгерімі, педагогтардың шығармашылық жұмыстары, ашық сабақтардың нәтижелері және т.б. жұмыстар талқыланады.

2020-2021 оқу жылында колледжде 7 оқу шеберханасы және бір жабық алаң жұмыс істеді.

- Ағаш өңдеу шеберханасы.
- Слесарлық темір өңдеу шеберханасы.
- Электрмен пісіру, газбен дәнекерлеу шеберханасы.
- Тас қалау, сылақ-сырлау шеберханасы.
- Автомобиль транспорттарына техникалық қызмет көрсету шеберханасы
- Автомобиль жөндеу шеберханасы.

Құрылыс, сантехникалық және газбен пісіру, электрмен дәнекерлеу оқу-өндірістік алаңы, және құрылыс мамандықтарына арналған «Ресурстық орталық» жұмыс жасайды. 2020-2021 оқу жылының оқу процесінің кестесіне сәйкес шеберханада жоспарланған оқу тәжірибелері оқу процесінің 26.01.2021ж. бастап аралас форматқа көшуіне байланысты сабақтар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, барлық қондырғы, құрал-жабдықтар мен станоктардың жұмыс жағдайлары тексеріліп, қолданыстағы базасы жасалынып, бекітілген. Шеберханада өткізілген оқу тәжірибелерінен 3 жылдың ТҚ бойынша таныстыру журналдары жабылып, жаңа оқу жылына әр мамандық бойынша арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Шеберханадағы әр қондырғыға биркалар мен жұмыс жағдайына байланысты арнайы табличкалары ілінген. Шеберлердің жұмыс жоспарлары, паспортизациялары мен өткізу-қабылдау актілері бекітілген. Сонымен қатар, барлық зертханаларда өткізілетін зертханалық жұмыстарға білімгерлерді жіберу жөніндегі ТҚ журналдары арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Оқу тәжірибелері өтетін барлық оқу кабинеттері мен оқыту шеберханаларында ТҚ ережесі мен мүліктер тізбесі жасалынып, бекітіліп, ілінген. Шеберхананың және ондағы шеберлердің міндеті- білімгерлерді өз мамандықтарына бейімдеу, сонымен қатар шеберліктерін шыңдау болса, бұл бағытта шеберхана ұжымы тарапынан біршама жұмыстар атқарылды.

«Ағаш өңдеу» шеберханасында студенттердің кәсіби шеберлігін көтеруде «Үйлер мен ғимараттарды салу» мамандығының 1401-17-96 тобында «Кірпіш қалау» кұзіреттілігі бойынша үйірме жүргізіліп, қорытындысында пандемия жағдайына байланысты үш студент колледжге шақыртылып соның ішінде Қарашал Медет үздік атанып «Кірпіш қалау кұзіреттілігіне» колледж қабырғасында «Worldskills» чемпионатына дайындық жұмыстарын жүргізді. Оқыту шебері А. Шонов Тараз қаласында өткізілген «Өз ісінің шебері» өндірістік оқыту шеберлері арасында өткен облыстық байқауда бірінші орын иеленіп 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталып, «Worldskills Kazakhstan-2020» өңірлік кәсіптік шеберлік чемпионатының «сарапшы» сертификатын алды.

«Слесарлық –механикалық» оқыту шеберханасы жаңа стендтермен жабдықталып, әдістемелік нұсқаулар мемлекеттік тілде аударылған, оқу элементтері жаңаланып, толықтырылып көбейтілді. Оқыту шебері Ж. Мәселбектің жетекшілігімен Аршатайұлы Ринат «Қазіргі ғылымның өзекті мәселелері: Техникалық ғылымдар Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясына онлайн форматта қатысып, сертификат алса, «XXI

Ғасырдың жастары-Ғылым, Білім; Шығармашылық» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік online-конференция жұмысына белсене қатысқаны үшін колледж студенті Төлепберген Нұржас Сабитұлы және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын педагогтермен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткен «Сен ғылымға болсаң ынтық» атты республикалық колледж студенті Оңалбек Нұрсұлтан сертификат алса, жетекшісі Мәселбек Ж III-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Оқу шеберханаларында «Жас маман» жобасы бойынша алынатын қондырғыларды орналастыру мақсатында күрделі құрылыс жөндеу жұмыстары жүргізіліп басталды.

0711000 «Химиялық технология және өндіріс» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша оқу тәжірибелерін сапалы жүргізу мақсатында «Казфосфат» ЖШС, «Шолақтау» ТКӨК-мен 2019 жылдың 12 қыркүйегінде отырылған № 1140-9/19 келісім-шарт негізінде қаладағы «Техникалық бақылау және зерттеу жұмыстары» бөлімімен зертхананың «Казфосфат» тарапынан жаңа қондырғылармен жабдықталуына байланысты, осыған дейінгі қолданыста болған бұрынғы қондырғылар, приборларын колледждің оқу процесіне пайдалануға өтемсіз алудың екі кезеңі бойынша екі жақты жұмыстар жүргізілді.

1-ші кезеңі бойынша осы оқу жылы «Техникалық бақылау және зерттеу жұмыстары» бөлімінен 10 түрлі 74 дана шыны өлшеу колбалары алынып, №410, №411 оқу зертханаларына пайдалануға акт арқылы өткізілсе, 2-ші кезеңі бойынша зертхананың «Казфосфат» ЖШС тарапынан жаңа қондырғылармен жабдықталуына байланысты, осыған дейінгі қолданыста болған бұрынғы қондырғылар, приборларын колледждің оқу процесіне пайдалануға өтемсіз алуға екі жақты жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде

- 1.Шкаф сушильный электрический круглый 2В-151
- 2.Шкаф сушильный электрический СНОЛ – 35.35.35/3(Ш-0,05)
- 3.Истиратель дисковый агрегатированный типа ИДА-175 241. 00. 0-3 Т
- 4.Дробилка ДГЩ ИОО Х 60 Техническое описание и инструкция по эксплуатации ДГЩ ИОО Х 60.000 ТО
5. Дробилка щекавая ДЛЩ 80х150
- 6.Дробилка валковая 200х125 зертханалық приборлары мен қондырғылары алынды.

Жалпы колледж бойынша 1 семестрге 20 топта 33 оқу тәжірибесінен 498 білімгер, 8 топта **8** өндірістік тәжірибесінен 178 білімгер, барлығы 676 білімгер оқу- өндірістік тәжірибесінен zhambyltypo.kz/ платформада қашықтан оқыту технологиясы негізінде өтті, 2-ші семестрде 8 топта 16 оқу тәжірибесінен 303 білімгер, 14 топта **14** өндірістік тәжірибесінен 241 білімгер, барлығы 544 білімгер оқу- өндірістік тәжірибесінен өтті

Колледж бойынша өткізілген оқу өндірістік тәжірибелерінің барлығы мамандық ерекшелігіне байланысты бекітілген алгоритм негізінде өткізілді. Оқу жылы ішінде оқу тәжірибелерінің жүргізілуі, күнделікті білімгерлердің

катысуы оқу-өндірістік және директордың «қашықтан оқыту және ақпараттық технологиялары» жөніндегі орынбасары, күндізгі бөлім меңгерушісі тарапынан қадағаланады. Тәжірибе жетекшілерінің берген баяндау хаттары арқылы топ жетекшісі мен бөлім меңгерушісі тарапынан күнделікті жұмыстар жүргізіліп, мәліметтер, түсініктемелер алынып отырылды. Сонымен қатар, өндірістік тәжірибе жетекшілерінің оқыту журналдарының жүргізілуі де қадағаланып отырылды.

Өткізілген өндірістік тәжірибелерден «Қорытынды есептері» ЦӘК-те бекітілген комиссия құрамымен «Zoom» платформасында қорғалып, «Қорытынды есептері» колледжден 13.01.2021ж. шығарылған №9 бұйрықпен бекітілген комиссия құрамымен тексеріліп, кемшіліктерімен қайтарылып, жөнделіп, колледж мұрағатына өткізілді. Қорытынды есептердің мазмұны мамандықтар ерекшеліктеріне сәйкес, студенттермен 3-жақты келісім-шартқа отырған «Казфосфат» ЖШС, «Бином» ЖШС, «ГазСервис» ЖШС, «TalasInvestmentCompany» ЖШС, «Пазыл-Сервис» ЖШС, аудандық орталықтандырылған кітапхана мекемелерінің өндіріс алаңдары мен нысандарының механикалық цехтарының, техникалық қызмет көрсету және компьютерлік орталықтарының жұмыстарын қашықтықтан пайдалана отырып, жазылды.

Жалпы қорытынды аттестацияны ұйымдастыру ҚРБЖҒМ 2008ж 18 наурыздағы №125 бұйрығы негізінде, «Короновирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына сәйкес, ТЖКБ ұйымдарында 2020-2021 оқу жылын аяқтау бойынша ұсынымы негізінде 1401000, 0816000, 1201000, 0902000, 1305000, 1405000 мамандықтарына жүргізілетін диплом жобаларын орындау мен қорғауды «Қашықтан оқыту» технологиясы (WhatsApp, эл. пошта, Zoom бағдарламалар) бойынша ұйымдастырып жүргізудің 12.04.2021ж. АЛГОРИТМІ жасалып бекітіліп, қорытынды аттестаттау осы алгоритм негізінде жүргізілді

2020 – 2021 оқу жылына мамандықтар бойынша Мемлекеттік біліктілік комиссия төрағалары мен мүшелеріне 24.04.21ж. №52 бұйрықпен комиссия құрамы колледж директорымен бекітілді. Мемлекеттік біліктілік емтихандары мен дипломдық жобаны қорғау колледж бойынша 11 мамандық бойынша өткізілді. Осының ішінде: мемлекеттік біліктілік емтихандары 3 мамандықтан **37 студент (с/б)**, ал дипломдық жобаны қорғау 7 мамандықтан **127 (103к.б-24с.б)** бітірді. Жалпы мемлекеттік емтихан, диплом жобалауды 164 студент қорғады. Оның 103 күндізгі бөлім, 61 сырттай бөлім студенттері.

Колледжінің 2020-2021 оқу жылының есебі колледж сайтында орналасқан - <http://karatau-tk.edu.kz/kz/2018-09-20-05-47-01/zhyldy-esep>

2021-2022 оқу жылы (колледжінің жоспары қосымша № 13)

2021-2022 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» басшылыққа ала отырып және оқу үрдісі қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде жалғастыруына байланысты Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 13 тамыздағы № 345 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды.

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, жүргізу мақсатында тектес мамандықтар бойынша 3 оқу бөлімі құрылған (*Құрылыс – электромеханикалық, Ақпараттық – химиялық технологиялары және техникалық және Жұмысшы біліктіліктері бойынша оқу бөлімі*)

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде оқу жылының басында 5 циклдік-әдістемелік комиссиялар құрылды.

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өткізілген шектік, аралық аттестациялардың қорытындысы негізінде күндізгі бөлім білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасына оқу пәндері мен топтар бойынша мониторинг жүргізіліп отырды.

Білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директорлық мәжілістерде қаралып тиісті шешімдер қабылданды. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша күндізгі бөлім білімгерлердің (мемлекеттік тапсырыс оқитын білімгерлердің) жалпы оқу үлгерімі 93,4 пайыз, ал сапасы – 67,8 пайыз.

2021-2022 оқу жылында колледждің әдістемелік орталығы «Білім беру кеңістігін заманауи талаптарға сай ұйымдастыра отырып, педагогикалық ұжымның әдістемелік және кәсіптік қызметін басқару және үйлестіруді қамтамасыз ету» тақырыбы аясында жұмыс жүргізді.

2021 ж 31 тамыз күні 1 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап, қарастырылып және шешім қабылданды:

2021-2022 оқу жылына арналған колледждің жылдық оқу- тәрбие жұмысы жоспары, әдістемелік кеңестің, әдістемелік кабинеттің, «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жоспары, «Зерде» қоғамының жұмыс жоспары, оқу үрдісінде модульдік- құзыреттілік негізінде оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу бағдарлама жоспары, бөлімдердің, ЦӘК-дің, кітапхананың жоспарларын талдап бекіту

2021-2022 оқу жылында мамандықтар бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2017 жылдың №553 бұйрығы негізінде модульдік-кредиттік оқыту жүйесі негізінде жұмысшы оқу жоспарлар дайындау, бекіту.

2021-2022 оқу жылына арналған барлық мамандықтар бойынша оқу типтік бағдарламаға сай оқу-бағдарламаларын рәсімдеу және бекіту.

Тәрбие үрдісінде «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік Ел » бағдарламалары аясында патриоттық бағыттың нәтижелілігі.«Экстремизм және лаңкестік: жас адамдардың санасына әсері».

2021-2022 оқу жылына арналған модульдік, міндетті бақылаулардың, технологиялық карта, зертханалық - практикалық сабақтардың кестесін бекіту

Жас оқытушыларға тәлімгерлер бекіту

2021-2022 оқу жылына арналған модульдік, әкімшілік, міндетті бақылаулардың кестесін бекіту.

Жаңа оқу жылына «Жаңа бағдарлама негізінде» оқытушылардың біліктілігін көтеру жоспарын бекіту

Әр түрлі мәселелер (ұсыныс, сұраныстарды талқылау)

2021 ж 22 қазан күні 2 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылған және шешім қабылданды:

«Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жұмысы. Жас мамандармен әдістемелік кабинеттің, тәлімгерлердің жүргізіп жатқан жұмыс барысы, көмек көрсетілу деңгейі, шығармашылық топтардың жүргізіп жатқан жұмыс барысы.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу нәтижесі бойынша кемшілікті жою жұмыстары жөніндегі құжаттарын дайындау

Аттестаттаудан өтетін педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тәжірибеден өту құжаттарын рәсімдеу, кәсіби жетістіктері туралы портфолио дайындау барысы

Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы

Курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын бекіту

Модульдік құзыреттілікті оқыту негізінде әдістемелік іс-құжаттар, әдістемелік нұсқаулар дайындау барысын мен оқу әдістемелік кешендерінің дайындалуы мен талқылау

Оқу-әдістемелік материалдардың электрондық түрде деректер банкін толықтыру. Оқытушылардың педагогикалық тәжірибесін сайтқа жария ету

1-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

2021 ж 24 желтоқсан күні 3 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылған және шешім қабылданды

Қашықтан оқыту технологиясы негізінде оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендің құжаттарымен қамтылуы, іс-қағаздарының жүргізілу деңгейі.

Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы

Колледж оқытушыларының байқауларға қатысу. ЦӘК-тердегі оқытушылардың шығармашылық жұмыстарын педагогикалық басылымдарға жариялау барысын талдау.

"Жалпы тілдер және дене шынықтыру, АӘД білім беру пәндері " ЦӘК-ң тәжірибесін жинақтау (модульдік негізінде оқытылатын мамандықтардың құжаттарының жүргізілуі), қорытындылау және әдістемелік кеңеске шығару, тәжірибесін тарату

Оқу топтарында топ жетекшілерінің тәрбие сағатын өткізу барысы, тәрбие сағаттарының әдістемелік әзірлемелерінің сапасы

«Талапкер – 2022» креативті тобына қатысу

2-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

2022 ж 18 ақпан күні 4 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылған және шешім қабылданды

Арнайы пәндер бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтарды орындау барысы, әдістемелік жағынан қамтылуы

"Арнайы құрылыс және газ жабдықтары мен жүйелерін монтаждау білім беру пәндері" ЦӘК-ң тәжірибесін жинақтау, қорытындылау және әдістемелік кеңеске шығару, тәжірибесін тарату.

Практикалық-зертханалық сабақтардың оқу-әдістемелік кешендермен қамтылуы, жүргізілу барысы.

Арнайы пәндердің курстық, дипломдық жұмыстардың орындалу деңгейі

Оқытушылар мен білімгерлердің ғылыми-шығармашылық конференциясының өткізілу деңгейі, қорытындысы мен жетістіктері

3-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

2022 ж. 30 наурыз күні 5 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылған және шешім қабылданды

2022-2023 оқу жылына академиялық еркіндік аясында білім беру бағдарламаларын әзірлеу және тізілімге орналастыруға ұсыным беру.

2022 ж. 22 сәуір күні 6 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылған және шешім қабылданды

Топ жетекшілердің портфолиосын жүргізу тәртібі, ондағы құжаттарды талапқа сай орындалуы, бақылануы

Қорытынды аттестаттаудың форматын анықтай отырып, бақылау материалдарын талаптар мен бағдарламаға сай дайындалуы

Инновациялық әдістерді енгізудің тиімді жақтарының мониторингін жасау. Үздіксіз жан-жақты кәсіптік білім беру талабын ескере отырып, білім беру үрдісінің мониторингін жасау (Инновациялық технологиялар, қосымша сертификаттар, т.б.)

Оқытушылардың озық тәжірибесін қарастырып, колледж жұмысына енгізу барысы.

2022 ж. 22 маусым күні 7 әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылған және шешім қабылданды:

2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік кеңес және әдістемелік кабинет жұмысын қорытындылау.

Оқытушылардың әдістемелік жұмыстарының мониторингісінің жүргізілу барысы. Оқытушылардың кәсіби деңгейін жоғарлату мониторингі (басылымдар, конференциялар, біліктілігін көтеру т.б.).

Білімгерлердің, оқытушылардың және ЦӘК-тердің ғылыми-зерттеу қызметінің мониторингі (тақырыптары, баспа сөз, конференция, олимпиада, байқаулар т.б.)

2022-2023 оқу жылына әзірленген білім беру бағдарламалар бекітілісін, колледж сайтына орналастырылсын және барлық стейкхолдерлер таныстырылсын.

Колледж оқытушылардың кәсіби деңгейінің жоғарлауына мониторинг қорытындысын жасау және ұсыныс беру 2022-2023 оқу жылына ұсынылатын ұсыныстар 6-ші әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы

2021-2022 оқу жылына арналған колледждің жылдық оқу- тәрбие жұмысы жоспары, әдістемелік кеңестің, әдістемелік кабинеттің, «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жоспары, «Зерде» қоғамының жұмыс жоспары, оқу үрдісінде модульдік- құзыреттілік негізінде оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу бағдарлама жоспары, бөлімдердің, ЦӘК-дің, кітапхананың жоспарлары бекітілді. Барлық мамандықтар бойынша 2021-2022 оқу жылына 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрық негізінде әзерлінді, жалпы пәндер бойынша «Жаңартылған мазмұнды бағдарлама негізінде» оқу жоспары жұмысшы оқу жоспарлары бекітілді

Тәрбие үрдісінде «Рухани жаңғыру» және «Мәңгілік Ел», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында патриоттық бағыттың нәтижелілігі «Экстремизм және лаңкестік: жас адамдардың санасына әсері» тақырыптары бойынша тәрбиелік жоспарлар бекітілді

Барлық ЦӘК жетекшілері ұсынған 2021-2022 оқу жылына арналған модульдік, міндетті бақылаулардың, зертханалық - практикалық сабақтардың кестесі бекітілді

2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік кеңес және әдістемелік кабинет жұмысын қорытындыланды, есеп берілді.

Колледж оқытушыларының әдістемелік жұмыстарының мониторингісінің жүргізілу ЦӘК төрайымдары талдау жүргізіліп, хаттамалары толтырылды.

2021-2022 оқу жылында колледж білімгерлерінің, оқытушылардың және ЦӘК-тердің ғылыми-зерттеу қызметінің бойынша яғни ғылыми-зерттеу тақырыптары, баспа сөз, онлайн және офлайн конференция, олимпиада, байқауларының нәтижелерінің мониторингі жүргізіліп, қорытындысы жасалды.

Колледж оқытушылардың кәсіби деңгейінің жоғарлауына мониторинг қорытындысын жасалып, әдіскер тарапынан мониторинг құрылды. Келесі оқу жылына оңтайлы жұмыс жүргізуге ұсыныстар берілді.

2022-2023 оқу жылына ұсынылатын ұсыныстар есепке түсірілді.

2021-2022 оқу жылында өз біліктілігін жоспар бойынша 12 педагог көтеру қажет еді, жалпы колледж бойынша 48 біліктілікті арттыру курстары тіркелді. Оның ішінде «Talar» КЕАҚ Оқу-тренингтік орталығында 41 педагог «Жас маман» жобасы шеңберінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын трансформациялау процесіндегі басшының рөлі: халықаралық тәжірибе», «Жас маман» жобасы шеңберінде «Білікті кадрларды даярлауда халықаралық тәжірибені ескере отыры, педагогтердің кәсіби дамуы», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесін академиялық дербестікті есепке ала отырып модельдеу», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесін академиялық дербестікті

есепке ала отырып модельдеу», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің педагогы: еңбек функцияларын жетілдіру»; АҚ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында» орта білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ тілі және Қазақ әдебиеті», «Физика», «Ағылшын тілі» жалпы білім беру пәндері бойынша - 4 педагог курстан өтті.

Оқытушылардың өз білімін көтеру және шығармашылық деңгейін арттыру мақсатында колледж оқытушылары үнемі республикалық, облыстық білім жетілдіру институттарында біліктіліктерін жетілдіреді және қысқа мерзімді өндірістік тәжірибеден мекемелерден өтеді.

2021-2022 оқу жылында курстардан – 48 оқытушы біліктілігін арттырды.

«Жас маман» жобасына қатысқан мамандықтар бойынша осы мерзімге алынған қондырғылар мен станоктардың, машина - механизмдердің тізіміне сәйкес, 0902.000 мамандығы бойынша - 12, 1201.000 мамандығы бойынша – 23, ал 1401.000 мамандығы бойынша 20 қондырғыға сұраныс берілген болса, бүгінгі таңға, осы 3 құзіреттілік бойынша алынған 55 қондырғылар мен құрал-жабдықтар колледждің оқыту шеберханасы өткен жылы жаз айларында оқыту шеберлерінің, жұмысшылардың қатысуымен жалпы оқыту шеберханасының барлық ішкі қабырғалары бұзылып, ары қарай арнайы құрылыс бригадасы арқылы шеберхана толық күрделі жөндеуден өткізілді. «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» және «Электромонтаж» құзіреттіліктері бойынша алынған қондырғылар осы екі жаңа жабық шеберханаға орналастырылса, ал «Автомобиль жөндеу слесарі» құзіреттілігі бойынша №2 корпусының (бұрынғы №2 колледж ғимараты) күрделі жөндеуден өткізіліп автомеханикалық шеберханасына орналастырылды.

Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде сәуір айының 20-21 күндері аралығына жоспарланған WorldSkills College» - 2022 колледжішілік VI-шы чемпионаты мен Жас маман» жобасы аясында жұмысшы құзіреттіліктері бойынша алынған қондырғы, машина-механизмдердің ашылу салтанаты болды. Ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары, қала әкімі, Жамбыл облысы жастар ұйымдарының қауымдастығы, ЗТБ президенті, колледждің индустриальдық кеңесінің төрағасы мен мүшелері, аудан, облыс көлеміндегі әлеуметтік серіктестіктерден шақырылған мекеме басшылары қатысты.

Жалпы колледж бойынша 2021-2022 оқу жылының 1 семестрінде 14 топта 31 оқу тәжірибесінен 240 студент, 9 топта 13 өндірістік тәжірибесінен 178 студент, барлығы 418 білімгер оқу- өндірістік тәжірибесінен өтсе, 2 семестр бойынша 8 топта 21 оқу тәжірибесінен 138 студент, ал 16 топта 23 өндірістік тәжірибесінен 394 студент, барлығы 532 студент оқу-өндірістік тәжірибесінен өтті.

Колледж бойынша өткізілген оқу өндірістік тәжірибелерінің барлығы оқу процесінің кестесіне сәйкес өткізілді. Оқу семестрі ішінде оқу тәжірибелерінің жүргізілуі, күнделікті студенттердің қатысуы директордың оқу ісі жөніндегі және күндізгі бөлім меңгерушісі тарапынан қадағаланып отырылды.

2021 жылдың қыркүйек-қазан айлары арасында өткен технологиялық іс-тәжірибе кезінде 0902-18-96 және 1401-18-96 топтарының 10 студенті

«Интеграл Строй-Life» ЖШС-нің Қаратау қаласындағы құрылыс нысанында 70000-80000 тг айлық көлемінде ақылы өндірістік тәжірибеден өтсе, 1405-18-96 тобының 5 студенті және 1405-19-96 тобының 3 студенті 11.05.2022ж-14.06.2022ж аралығында өткізілген «технологиялық» және «дипломалды» тәжірибелерін Алматы қаласында орналасқан «ТауСамалГазМонтаж» ЖШС-де 90.000 теңге айлық көлемінде ақылы тәжірибеден өтті. Сонымен қатар, 0508-19-96 тобының 5 студенті де 11.05.2022ж-14.06.2022ж аралығында өткізілген «дипломалды» тәжірибелерінен Қаратау қаласында орналасқан «Балқазан», «Құдаша», «Алекс» дәмханаларында, ал бір студент Тараз қаласында орналасқан «Шафран» дәмханасында 60000-70000 теңге көлемінде барлығы 23 студент ақылы тәжірибелерден өтті.

Колледжінің 2021-2022 оқу жылының есебі колледж сайтында орналасқан - <http://karatau-tk.edu.kz/kz/2018-09-20-05-47-01/zhyldy-esep>

2022-2023 оқу жылы (колледжінің жоспары қосымша № 14)

Оқу жылының басында барлық бағыттар бойынша жұмыс жоспарлар әзірленіп, 31.08.2022 ж өткізілген педагогикалық кеңесте талдау жүргізіліп және № 1 хаттамасымен бекітілді.

Педагогикалық кеңесте (қосымша № 15) жаңа оқу жылының ұйымдастыру үшін келесі сұрақтар қарастырылған:

- бес күндік жұмыс аптасына көшуіне байланысты сабақтардың қоңырау кестесін бекіту

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандары» басшылыққа ала отырып және ескерту негізінде *Аталған оқу жұмыс бағдарламасының бөлімдері міндетті болып табылады. "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес педагог тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және пән/модуль ерекшеліктері мен білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып қосымша элементтер енгізуге құқылы Пән/модуль/өндірістік оқыту мен кәсіптік практика бойынша оқу жұмыс бағдарламасының үлгілік нысанына өндірістік қажеттілігіне байланысты, яғни кәсіптік модульдің ішінде өндірістік оқыту мен өндірістік тәжірибесіне бөлінген сағат/кредит саны көрсету үшін қосымша бағаналар енгізу,

- ҚР «Білім туралы» Заңында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы және оны бекіту алынып тастауына («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Қазақстан Республикасының Заңы) байланысты МЖМБС-дан «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды. Жалпы білім беру пәндер модуліндегі «Өзін-өзі тану» пәніне бөлінген сағат көлемін осы модульдің денешынықтыру пәніне бөлу.

2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары негізінде ұйымдастырылды.

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, жүргізу мақсатында тектес мамандықтар бойынша 2 оқу бөлімі құрылған (*«Техникалық және технологиялық» және «Жұмысшы біліктіліктері» бойынша оқу бөлімі*).

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде оқу жылының басында 4 циклдік-әдістемелік комиссиялар құрылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары басшылыққа ала отырып әдістемелік кабинет және циклдік әдістемелік комиссиялардың жұмыстары ұйымдастырылды. Академиялық дербестік аясында және оқу үрдісі оқыту нәтижеге бағыттауға байланысты 2022-2023 оқу жылының 1 жарты жылдығында келесі жұмыстар атқарылды:

- World Skills және кәсіптік стандарттар басшылыққа ала отырып кәсіптік модульдер бойынша жұмыс бағдарламалар әзірлеу,

- Критериалдық бағалауда пайдалынатын бақылау тапсырмаларды әзірлеу,

- модульдерді әдістемелік қамтамасыз ету үшін технологиялық карталар бекіту,

- критериалдық бағалаудың бақылау кестелер бекіту,

- аралық аттестаттауға арналған тапсырмаларды бекіту,

- оқу сабақтардың сапасын арттыру мақсатында өз ара сабақтарға қатысу кестесін бекіту және талдау жүргізу,

- білімалушылардың қосымша дағдылардың дамыту мақсатында техникалық үйірмелердің жұмыстар ұйымдастыру.

- «Жас маман» жобасы аясында алынған қондырғыларды толыққанды игеру мақсатында модуль бойынша тәжірибелерді колледж шеберханаларында өту кестесі жасалып, бекітілді.

- Студенттердің оқу мотивациясының деңгейін арттыру мақсатында өндірістік тәжірибелерді заманауи технологиялармен жабдықталған өндірістерге жіберудің жоспары жасалды

-Үлгерімі төмен студенттермен және оның ата аналарымен оқытушы қызметінің бағдарламасы әзірленіп, қосымша сабақтар кестесі бекітілді

-Педагогикалық қызметте студенттерді даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану бойынша колледж оқытушысының тәжірибесін жинақтау мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары жасалды.

-Колледж студенттерін кәсіптік тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында оқытушылар құрамы арасында кәсіптік тәрбиеге арналған кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу жоспары әзірленді.

Оқу үрдісінің кестесінде барлық мамандықтар бойынша, аралық аттестациялардың мерзімдері бекітілген (сынақ-емтихандық сессиялар).

Колледжінің ішкі тәртіп ережелерін негізінде ағымды бақылау төмендегідей жүргізіледі:

- Зертханалық-тәжірибелік сабақтарда тапсырмаларды орындау және қорғау,
- Бағалау өлшемдерге арналған бағалау тапсырмалар орындау
- Коллоквиум жүргізу,
- Сұрақтарға жауап беру,
- Жазбаша жұмыстар (эссе, салыстырмалы кестелер және тб)
- Іскерлік ойындар

Шектік аттестацияның қорытындысы, білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директордың жанында отырыста қаралып, тиісті шешімдер қабылдануда, қосымша сабақтардың кестесі жасалынып, қайта тапсыруда. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

2022-2023 оқу жылында «Жас маман» жобасына еңген 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» және «Электрмен қамту», «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандықтары бойынша 23 студент демонстрациялық емтихан тапсырады деп жоспарлануда.

№	Мамандық атауы	Біліктілік атауы	Қатысатын студенттердің саны	Ескерту
1	0902000 «Электрмен қамтамасыз ету»	0902033 Техник-электрик	4	
2	1201 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және	1201123 Техник-механик	5	

	пайдалану»			
3	1405	«Газбен	1405043	14
	қамтамасыз	ету	Газ объектілері	
	жабдықтар	мен	құрал жабдығын	
	жүйелерін	құрастыру	пайдалану технигі	
	және пайдалану»			
	Барлығы:			23

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бар болса), WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттарының (бар болса) талаптары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген білім беру бағдарламаларының болуы:

2020-2021 оқу жылы

2020-2021 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 80 студент 4 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
0902 000 Электрмен қамтамасыз ету	Бірінші біліктілік 0902012 Таратау құрылғылардың электромонтаждау Екінші біліктілік 0902033 техник-электрик
1201000 Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	Бірінші біліктілік 1201072 Автокөлікті жөндеу слесарі Екінші біліктілік 1201062 Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик Үшінші біліктілік 1201123 Техник механик
1305 «Ақпараттық жүйелер»	Бірінші біліктілік 1305011 Дизайнер Екінші біліктілік 1305023 техник-бағдарламашы
1401000 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	Бірінші біліктілік «1401 202- Құрғақ құрылыс маманы» Екінші біліктілік «140124 2 – Кең бейінді құрылыс шебері»

Аталған мамандықтар бойынша жұмысшы оқу жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа ала отырып әзірленді.

2020-2021 оқу жылына сырттай бөлім бойынша студенттер қатарына қабылдау жүргізілмеген.

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 113 студент 6 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130105 Ақпараттық жүйелер технигі
07130100 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	3W07130102 Электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі (түрлері және салалары бойынша)
07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	3W07130703 Жер асты электрослесарі 4S07130704 Техник-электромеханик
07150600 Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)	3W07150602 Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары
07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301 Автомобиль жөндеу слесарі 4S07161304 Техник-механик
07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	3W07320102 Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері 3W07320103 Құрғақ құрылыс шебері

Аталған мамандықтар бойынша жұмысшы оқу жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа ала отырып әзірленді.

2021 жылы колледж «Жас маман» жобасына үш мамандық бойынша «Электромонтаж», «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» және «Автомобиль жөндеу слесарі» енді. «Жас маман» жобасын іске асыру нәтижесінде оқу ұйымдары республикалық және халықаралық деңгейде талап етілетін мамандарды даярлау үшін қажетті қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылатын болады, мәлімделген кәсіп бойынша өз өңірі үшін құзыреттілік орталықтарына айналады, сондай-ақ WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды даярлауды жүргізеді.

Материалдық-техникалық базаны жаңғыртудан басқа, шетелдік әріптес дайындаған білім беру бағдарламалары негізінде мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары өзектендірілетін болады.

Шетелдік серіктес - Soprano Group, Финляндия (шетелдік серіктес) ТЖКБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу кредиттік-модульдік жүйе бойынша жүзеге асырылды және «құзыреттерге негізделген оқытуға» бағытталған.

Шетелдік серіктес ұсынған білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарланған кредиттік-модульдік тәсіл кезінде білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптардың сипаттамасын, сондай-ақ:

- кәсіптік білім беру мазмұнының еуропалық және финляндияның стандарттарына сәйкес 180 кредит көлемінде әзірленді;
- оқыту нәтижелеріне сәйкес базалық және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды көздейді;
- модульдер бойынша білім беру бағдарламаларының үздіксіздік қағидаттарын ескереді;
- білім алушылардың бір білім беру бағдарламасы шеңберінде жұмыс біліктілігінен орта буын маманына дейін әртүрлі деңгейдегі біліктілікті меңгеруіне арналған;
- кейбір бағдарламаларда қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының деңгейімен салыстыруға болатын біліктілік деңгейінің элементтері көзделген.

Шетелдік серіктестің білім беру бағдарламасының атауы	ТЖКБ бойынша мамандығы	жіктеуші	"Жас маман" жобасы аясында білім алушыларды қабылдау
---	------------------------	----------	--

2021-2022 ж

		9 СЫНЫВ	11 СЫНЫП
Құрылыс саласындағы кәсіптік білім.	07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	25	
Біліктілігі Құрылыс кескіндемесі және бетті өңдеу бойынша. Мамандығы: 40. Құрылыс суретшілері әзірлеушілер: Soprano Group, Финляндия			
Автомобиль өнеркәсібі саласындағы кәсіптік білім	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	20	
Біліктілігі Автоэлектриктер Мамандық: 1.Авто (мото) слесарлар мен жөндеушілер. Әзірлеушілер: Soprano Group, Финляндия			
Электротехника бойынша кәсіптік білім 07000000 - Геология, тау-кен өнеркәсібі және минералдар өндіру мамандығы.	07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	12	
Біліктілігі Электрик Мамандығы: 51. Электриктер. Әзірлеушілер: Soprano Group, Финляндия			
		57	0

Шетелдік серіктес - Soprano Group, Финляндия әзірленген білім беру бағдарламалар 16 қосымшасында ұсынылады.

2021-2022 оқу жылына сырттай оқу бөліміне 13 студент 6 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130105 Ақпараттық жүйелер технигі

07110100 Химиялық технология және өндіріс	4S07110102 техник-технолог
07130200 Электрмен қамтамасыз ету	4S07130202 Техник-электрик
07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304 Техник-механик
07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	4S07320106 Техник-құрылысшы
07321200 Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	4S07321202 газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану техникі

Аталған мамандықтар бойынша жұмысшы оқу жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары басшылыққа ала отырып әзірленді.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылына оқуға 97 студент 5 мамандық бойынша қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130105 Ақпараттық жүйелер техникі
07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	4S07130704 Техник-электромеханик
0715000 Слесарлық іс (салалар және түрлері бойынша)	3W07150602 Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары
07161300 Автомобиль көлігіне	4S07161304 Техник-механик

техникалық қызмет көрсету, жөндеу
және пайдалану

10130300

Тамақтандыруды 3W10130302 Аспазшы

ұйымдастыру

Колледж директоры 2022 ж. 10.03. № 26 бұйрығымен 2022-2023 оқу жылына білім беру бағдарламалар әзірлеу үшін жұмысшы комиссия бекітілді (*қосымша № 17*) комиссия құрамы әкімшілік қызметкерлер мен педагогтардың өкілдерінен құрылды.

Колледжде өндіріс орындары мен академиялық оқу процессі арасындағы қарым-қатынасты жүйелі жолға қою, өндіріс талаптарына сай білім беру бағдарламаларын өзектендіруді қолдау мақсатында колледж директоры 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 6 бұйрығымен индустриалдық кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің құрамына жұмыс берушілер, әкімшілік қызметкерлері, педагогтар, студенттері және колледж түлектері кірді (*қосымша № 18*).

2022-2023 оқу жылына жоспарланған қабылдау бойынша мамандықтардың төлқұжаттар жұмыс берушілердің қатысуымен, кәсіптік стандарттар (болған жағдайында), WorldSkills кәсіптік стандарттары (болған жағдайында) талаптарының негізінде әзірленді. Білім беру бағдарламалары индустриалдық кеңесте қаралып (*қосымша № 19*), мазмұнына тиісті ұсыныстар берілген

0613 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) мамандығы

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 шілдедегі № 171 бұйрығымен бекітілген «Жүйелік және желілік әкімшілік ету», «Бағдарламалық жасақтама жасаушылар және тестілеу мамандары, WEB және мультимедиялық қосымшалар» кәсіби стандарты, World Skills стандарттары «Құзыреттілік 17 Веб-дизайн» негізінде 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы, 4S06130105 Ақпараттық жүйелер техникі біліктілігіне функционалдық талдау жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» басшылыққа ала отырып орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламасының мазмұны 180 кредит көлемінде айқындалды.

07130700 Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша) мамандығы

«Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 255 бұйрығымен

